

**Кітаптану
Баспа ісі
Полиграфия**

**Книговедение
Издательское дело
Полиграфия**

**Bibliology
Publishing
Polygraphy**

**Қ. Мұхатаева
Отандық библиография орталығы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 655.4

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан мемлекеттік библиографиясының даму жолы, библиографияның баспасөз саласын жетілдірудегі рөлі туралы сөз болады. Отандық библиография саласын Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының дамуымен тығыз байланыста қарастырған. Республика Баспа ісі мен библиография саласының жетістіктері көрсетіледі.

Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының атқаратын негізгі жұмыстары, шығаратын библиографиялық шежірелері туралы баяндай келіп, баспа ісін қолдауда және дамытуда жетекші сала болып отырғаны айтылады.

Библиография. Кітап палатасы.

Қазақстан баспасөз библиографиясының жүйелі қолға алынуы 1920 жылы 30 маусымда шыққан библиография ісін Оқу халық комис-сариатына беру туралы декреттің шығуымен байланысты болған. Осы декреттің негізінде Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда 1927 жылы Республикалық кітап палатасы құрылады. Қазақстан Оқу халық комиссариаты коллегиясының сол жылғы 15 декабрьдегі мәжілісінде Кітап палатасының директоры болып В. Мельков тағайындалады. Коллегия мәжілісінің председателі Қазақ ССР Оқу халық комиссары О. Жандосов болған. Міне, сол кез-ден бастап Кітап палатасы алғаш ақпараттық библиография жұмысын бастаған. Бірақ әртүрлі себептермен Кітап палатасы 1931 жылы жабы-лып, 1937 жылы қайта ашылған.

Библиография - ескі грек сөзінен «Кітап жазу» деген сөзден шыққан, библион - кітап, графо - жазу. Грекияда кітапты көшіріп жа-затын адамдарды библиографтар деп атаған. Сол кезден бастап библиограф мамандығы жоғары бағаланып, құрметті мамандық ретінде есептелген, себебі кітап көшіріп жазу үлкен сауаттылықты, ұқыптылықты, сонымен бірге сәнді жазуды талап еткен. Көне ғасыр өткеннен кейін көп уақыт библиография термині қол-даныстан шығып қалды. Тек XVII ғасырдың бірінші жартысында Француз ғалымдары әдебиеттер тізімі

деген сөздің орнына библиография сөзін пайдалана бастады. Келе-келе библиография көп мағыналық қырынан таныла берді. Бүгінгі күнде баспа өнімдерін жүйелеп ақпарат беретін және насихаттайтын ғылыми-практикалық саланың бірі болып отыр.

Қазақстанның мемлекеттік библиография-сының дамуын Қазақстан Республикасы ұлттық мемлекеттік кітап палатасының дамуымен тығыз байланысты қарастырған орын-ды. Оны атап айтып отырғанымыз, көптеген зерттеулерде, анықтамалық басылымдарда, ғылыми мақалаларда авторлар библиография саласының дамуы туралы жазғанда 1938 жылдан библиографиялық шежірелер шыға бастағанын айтып келеді де, бірақ сол шежірелерді кімдер шығарғаны, Қазақстан библиографиясының бас-тауы қайдан шығатыны аталмай қалады.

Рас, оның алдында библиографиялық жұ-мыстар болмады деп айтуға болмайды, негізіне келсек, 1900 жылы Қазан қаласында Қазақстан туралы А. Е. Алекторовтың «Указатель книг, журнальных статей и заметок о киргизах» деген көрсеткіші, ал 1911 жылдары шығып тұрған «Айқап» журналы, сол сияқты мерзімді басы-лымдарда ара кідік шыққан кітаптардың тізімі беріліп отырған. Қазақ библиографиясының бастауында қазақтың зиялы азаматы, қоғам қай-раткері Міржақып Дулатовтың

еңбегі ерекше екенін атап айтқан жөн. Ол кісінің екі бөлімнен тұратын «Қазақ тілінде шыққан кітаптар көрсеткіші» 1926 жылы шыққан болатын.

2012 жылы 75 жылдығын атап өтілгелі отырған Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы 1937 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ ССР Халық Комиссариатының 19 шілдедегі «Қазақ ССР Мемлекеттік кітап палатасын құру туралы» қаулысы бойынша ұйымдастырылып, оның ережелерін бекіткен. Ережеде мына-дай мәселелер қарастырылады: Қазақстанда шығатын бар баспа өнімдерін мемлекеттік тіркеуге алу. Баспасөздің статистикасын жүргізу, ғылыми-библиографиясын жасау және Баспасөз шежірелерін шығару. Осы күннен бастап кітап палатасы өз жұмысын үнемі кеңейту, көркейту, дамыту үстінде жүргізіп отырды. Ең алғаш өз жұмысын баспасөз өнімдерінің міндетті дана-ларын қабылдап, мемлекеттік тіркеуге алып, оны ірі кітапханаларға бөлуден бастаған. 4050 жылдары кітап палатасы дербес қызметін бастаған жылдары Қазақстанның баспасөз өнімін жинауға көп көңіл бөлген: Мәскеу, Ленинград қалаларының Ташкент кітапханаларында жинақталған Қазақстан басылымдарын жина-стырып, мұрағат қорын жинап, толықтыруға көп көңіл бөлінген, соның нәтижесінде 40 мыңнан аса қор жинақталған, міне, осы жинақталған қордың әрі күнделікті келіп түсіп жатқан бас-па өнімдерінің библиография ісін жүргізуді қолға алды. Қазақстанда баспасөздің дамуын көрсететін бірден-бір библиографиялық орталық болуы көзделді. Кітап палатасы сол ұйымдасқан күннен бастап, бүгінгі 75 жылдығына дейінгі аралықта қалыптасу, іздену, жетілу жолында еңбек етіп келеді. үкімет қаулысының шешімімен Кітап палатасы Қазақстанда шығатын бар ба-спа өнімдерінің тегін міндетті даналарын алу арқылы Қазақстан Республикасының бас баспасөз мұрағатын жинаушы, баспасөздің ғылыми-библиографиясын жасайтын, стати-стикасын шығаратын мемлекеттік мекеме-ге айналып отыр. Баспасөз қорында бүгінгі күнге дейінгі 5 миллионнан астам басылымдар Қазақстан Республикасының баспа тарихынан сыр шертеді. Қазақстан Республикасының мәдениетін, ғылымын, тарихын оқып, білуде Архив қоры мен анықтама-каталогтар тек қана рес-

«Диссертация авторефераттары шежіре-сінде» әрбір ғылым саласы бойынша және ғылыми дәрежесі бойынша жіктеліп беріледі. Жыл ішінде екі рет шығарылады.

«Бейнелеу өнері, картография және ноталар шежіресіне»: Бейнелеу өнерінің полиграфиялық өндіріс орындарында басылып шыққан

публикада ғана емес, республикадан тыс келетін библиографиялық сұраныстарға да толық жауап бере алатын орталыққа айналған.

Бірінші рет **1938 жылы «Баспасөз шежіресі»** деген жиынтық атпен библиографиялық көр-сеткіш шығарылады. Оның құрамына кітап, журнал, газет, т. б. келіп түскен басылымдардың би-блиографиясы жинақталды. Кейін келе баспасөз өнімдерінің қарқынды даму барысында әр ба-сылым түрлері бөлек көрсеткіш болып шыға бастады. Шежірелердің түрлері басылымның түрлеріне қарай былайша жіктеліп берілді.

«Кітап шежіресі» ай сайын шығып отыратын көрсеткіште республика көлемінде баспадан, жоғары оқу орындарынан және шағын кәсіпорындарынан шыққан кітаптар, кітапшалар, ғылыми жазбалар секілді басылымдар тіркеледі. Қазақ тіліндегі «Кітап шежіресінде», алдымен, қазақ тіліндегі, содан кейін ұйғыр, өзбек, түрік, тәжік тілдерінде шыққан кітаптар түпнұсқа бойынша сипатталып, топтастырылды. Библиографиялық жазбалардың жалпы қатар саны көрсетіліп нөмірленді. «Кітап шежіресіне» көмекші құралдар - атаулар мен алфавиттік-пәндік көрсеткіш беріліп отырады. Шежіре қазақ және орыс тілінде бөлек шығарылып отыра-ды.

«Журнал мақалаларының шежіресі» көрсеткішінде республикада шығатын қоғам-дық, саяси, әдеби-көркем, ғылыми-көпшілік, оқу-методикалық, балаларға арналған журнал-дардың мақалалары, көркем әдебиет туын-дылары тіркелді. Ай сайын орыс және қазақ тілдерінде шығарылады.

1957 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде «Газет мақалалары шежіресін» шығара баста-ды. Бұл көрсеткішке республикалық, аймақтық, қалалық, облыстық газеттерде жарияланған ресми материалдармен қатар әулеттік-саяси, ғылыми-көпшілік, шаруашылық мәні бар, озат тәжірибе мақалалары мен көркем әдебиет туын-дылары тіркеледі. Бұл көрсеткіш те кейінгі жылдары ай сайын шығарылып отыр. Әрине, бұл да ғылыми көпшілікке үлкен пайда келтірді, библиографиялық орталықтың жұмысының жылдарымен бірге өркендеп келе жатқанын көрсетті.

шығармалары: плакаттар, портреттер, репродукциялар, ашық хаттар, альбомдар т. б. тіркелді. Басылым болып шыққан ноталық шығармалар және кітаптарда, журналдарда, газеттерде ән текстеріне жазылған ноталар жинастырылып беріліп отырды. Бұл көрсеткіш те жылына екі рет шығарылады.

«Рецензиялар көрсеткіші» - 1992 жылдан бастап өз алдына жылына бір рет шығатын ақпараттық басылым. Бұл көрсеткішке рес-публикамыздың журналдары мен жалғаспалы ба-сылымдарында және республикалық, аймақтық, облыстық, қалалық газеттердің беттерінде жарияланған рецензиялар мен сын мақалалар, баспасөзге жасалған шолулар тіркеледі. Жылы-на екі рет шығарылады.

1973 жылдары әдеби ғылыми қауымның кітапхана оқырмандарын баспасөз өнімдері туралы толық қанағаттанарлық мәліметтер беру мақсатымен «Қазақстан Республикасының баспасөз статистикасы ... жылы» деген атаумен статистикалық мәліметтер жеке көрсеткіш бо-лып шыға бастады, бұрынғы жылдары «Баспасөз шежіресіне» қосымша беріліп отыратын бөлім енді өзі жеке көрсеткіш болды. Күні бүгінге дейін кітап палатасының статистикалық бұл көрсеткіші Республикада баспа ісі туралы зерт-теуде бірден-бір баға жетпес материал болып та-былады. Оның мазмұнын ашып айтсақ оқырман баспасөз өнімдерінің барлық саласынан толық статистикалық мәлімет ала алады. Бір ғана кітап басылымы бойынша:

- 1913 жылдан бастап келіп түскен кітап басылымының саны туралы мәлімет;
- тақырыптық талдау , түрлеріне қарай тал-дау;
- басылымдардың саны;
- әр басылым таралымы;
- кітап басылымының әлем халықтарының тілінде шығарылуы;
- аударма әдебиеттер туралы мәлімет;
- арнаулы мақсаты бойынша шығарылған кітаптар;
- көркем әдебиеттің жанры бойынша шығарылымы;
- баспалар бойынша шығарылымы;
- сериялар бойынша және шығарылған; жерлері бойынша көрсеткіштер;
- мемлекеттік бағдарламалар бойынша шыққан басылымдар;
- оқулықтар;
- балалар әдебиеті туралы толық мәлімет;
- басылымдардың шартты баспа табағы, есептік баспа табағы т.б. мағлұматтар бойын-ша толық ақпарат ала алады. Сол сияқты мерзімді және жалғаспалы басылымдар тура-лы, басылымның әртүрі бойынша да осындай ақпараттар беріледі.

Кітап палатасы жылына 70-75 мың баспа өнімін қабылдап, ғылыми библиографиялық өңдеуден өткізеді екен. Жыл сайын шет елмен де байланыстарды нығайтуда. Әр жылдары Қазақстанның баспа өнімдері туралы ЮНЕСКО-ға мәліметтер дайындайды.

60-70 жылдары кітап палатасының алдында өз жұмысын одан әрі жандандыру мақсатында оқырманға неғұрлым кеңірек библиографиялық ақпарат беру мақсаты тұрды.

70-жылдары, сонымен бірге енді тек Қазақстанда шыққан баспасөз өнімдері ғана емес, Қазақстаннан тыс, Қазақстан туралы эконо-микасы, ғылымы, білімінің дамуы туралы мәліметтерді жинау керек болды, оқырманға ол туралы да мәлімет беруді қолға алды, міне «Қазақстантану» көрсеткіші осылай 1973 жылы дүниеге келді. Бұл көрсеткіш оқырмандарға ТМД елдері мен шетелдер баспасөзінде жарияланған Қазақстан республикасы экономикасына, саяси тарихына, мәдени өміріне байланысты мақалалар мен әдеби шығармалар жайында, Қазақстан авторларының сол елдерде жарияланған шығармаларының аудармалары туралы мағлұмат береді. Бүгінгі күндегідей коммуникацияның кең тарамағанына қарамастан, Қазақстан туралы материалдарды жинау қиыншылықтарын жеңе отырып, Республикалардың кітап палаталары-мен, кітапханалармен тығыз байланыс орна-тып, ол көрсеткіш те ғылыми көпшілік қауымға ұсынылды. Бұл басылым жылына төрт реттен шығып, өз оқырманын тапты.

«Қазақстан Республикасы кітаптарының жылнамасы» - ай сайын шығып келген «Кітап шежіресінің» негізінде жинақталып, жылына бір рет шығарылатын кітап жылнамасы. Жыл-намада республика көлемінде шыққан қазақ, ұйғыр, орыс, неміс, ағылшын тілдерінде шыққан кітаптар жинақталады.

«Қазақстан Республикасы мерзімді және жалғаспалы басылымдар шежіресі» 2002 жыл-дан бөлек басылым болып шыға бастады. Бұл көрсеткіште республика көлемінде шығатын барлық мерзімді және жалғаспалы басылымдар: журналдар, бюллетендер, ғылыми еңбектер, республикалық, облыстық, аймақтық, халықаралық, аудандық, көп таралымдық газет-тер тіркеледі.

Барлық көрсеткіштерде материалдар «Әм-бебап ондық жіктеу» (УДК), «Кітапханалық библиографиялық жіктеу» (ББК) кестелері негізінде, библиографиялық сипаттама жазу стандартының талабы бойынша жіктеліп, жүйеге келтіріліп беріледі. Библиографиялық сипаттамалар - «Ақпарат, кітапхана және баспа ісі туралы стандарттар жүйесінің» (СИБИД) та-лабына сай дайындалды.

80-90 жылдары кітап палатасы ұлттық библиография саласының даму қарқынын кеңейте түсті. Республикадағы барлық кітапханаларды шыққан баспа кітаптарының мазмұндалған толық стандартқа сай библиографиялық қор-точкалармен

қамтамасыз етіп отырды, орта-лықтандырылған каталогтар бөлімі өз жұмысын жандандырды.

90-жылдарда кітап палатасында үлкен айтарлықтай өзгерістер болды. 1992 жылға дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кітап палатасы деп аталса, енді тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің № 270 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы болып, Ұлттық статус берілді. Сонымен бірге осы қаулымен Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына ISBN (Халықаралық стандарт-ты кітап нөмірі), ISSN (Халықаралық стандартты сериялық басылымдыр нөмірі), ISMN (Халықаралық стандартты музыкалық басылым-дар нөмірі) - Халықаралық орталықтарымен жұмыс істеу жүктелді

Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы енді тек баспасөздің мемлекеттік библиография-сын, баспасөздің статистикасын шығаратын ғана орталық емес, енді Қазақстанның бас-па жүйесін халықаралық деңгейге көтеріп, халықаралық стандартқа сай дәрежеде шығаруға үлкен қызмет атқарды. Ұлттық библиографиямыздың дамуының халықаралық стандарттардың талабына сай келуі жолында үлкен кадамдар жасады. Бастапқы орталығы Берлинде болып, онан Лондонға көшкен Халықаралық ISBN Агенттігімен Халықаралық деңгейде қарым-қатынас орнатты. Кітап палатасында кітаптарды халықаралық стандарт-ты нөмірмен тіркеу орталығы ISBN Агенттігі ашылды. Сонымен бірге халықаралық деңгейде мерзімді басылымдарды стандарттық нөмірмен тіркеу орталығымен қарым-қатынас орнатты. Халықаралық орталығы Парижде орналасқан ISSN Агенттігі мерзімді басылымдарды халық-аралық стандартты нөмірмен тіркеу орта-лығымен байланыс нығайды. Міне, кітап палатасы Қазақстандағы баспа ісінің дамуына да, баспа ісінің халықаралық стандартқа сай, дамыған елдердің баспа өнімдерімен бәсекеге түсе алатындай деңгейде болуына да ат салы-сып келеді.

Соңғы жылдарда жетістіктерінің бірі Қазақстаннан шығатын музыкалық өнімдер, ноталық 1 Қазақстан Республикасының кітап жылнамасы. Ежегодник книг Республики Казахстан. - Алматы, 2010. - 789 б.

басылымдарды халықаралық стандартты нөмірмен тіркеу орталығына - Берлин қаласындағы ISMN Агенттігіне толық мүше бо-лып енгендігі.

Бүгінгі күнде ақпарат саласының даму ба-рысында Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы:

- библиографиялық ақпарат орталығы;
- ғылыми және ғылыми-тәжірибелік зерттеу жүргізу орталығы;
- анықтама-ақпарат қызметін көрсету орталығы;
- баспа өнімдерінің статистикалық көрсеткіштері орталығы;
- Қазақстан Республикасы Бас мұрағат қоры орталығы;
- Ұлттық ISBN, ISSN, ISMN Агенттіктерінің орталығына айналып, Қазақстан Республика-сының баспа ісін қолдауда және дамытуда соны-мен бірге отандық библиографияның дамуында жетекші сала болып отыр.

Бір айта кетерлік жағдай, әл-Фараби атын-дағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің Баспа ісі және дизайн кафедрасында кітаптану, библиография, ба-спа саласындағы стандарттар туралы дәріс-тер Ұлттық библиография орталығы - Қазақ-стан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кі-тап палатасының атқаратын қызметтерімен байланыста оқытылады. Болашақ ақпарат саласының қызметкерлері баспасөз саласын-да Кітап палатасының атқаратын рөлін, баспа ісі мен ұлттық библиографияның даму жолда-рын жақсы біліп шығады әрі оның қызметін өз шығармашылықтарына пайдалана біледі.

Әдебиеттер:

- 2 Қазақстан Республикасының баспасөзі - Печать Республики Казахстан: статистикалық жинақ. Алматы, 2010. - 130 бет.
- 3 Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы баспасөзі / Ж.Т. Сейдуманов, Қ.М.Мұхатаева, А.Б. Қызыбаева. - Алматы: ISBN Агенттігі, 2010. - 485 б.

- 4 Қазақстан Республикасы мерзімді және жал-ғаспалы басылымдар шежіресі. - Алматы, 2010. - 120 б.

В данной статье приводится путь развития государственной библиографии и ее роль в совершенствовании издательской деятельности республики. Развитие отечественной библиографии рассмотрено в тесной взаимосвязи с развитием Национальной государственной книжной палаты Республики Казахстан.

Повествуя о проводимой основной работе и выпуске библиографической летописи Книжной палаты, отмечается, что библиография, способствуя развитию издательской деятельности в республике, является ведущей отраслью.

This article describes the path of development of national bibliography and its role in improving the publishing activities of the country. Development of the national bibliography is considered in close relationship with the development of the National State Book Chamber of the Republic of Kazakhstan.

Telling of the substantive work undertaken and the issue of bibliographic annals of the Book Chamber, noted that the bibliography is contributing to the development of publishing in the country, she is leading branch.

Б. Әсембаева

Баспа менеджментінің ерекшеліктері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

УДК 655.4

Аңдатпа. Мақала авторы баспа менеджментінің ерекшеліктерін, оның ішінде ұйымдастырушылық-құрылымдық және кадр менеджментінің тиімділігі туралы мәселелерді қарастырады. Сонымен бірге баспаның кірісін басқарудың мән-маңызын ашып көрсетеді.

Баспагерлердің тың идеялар ұсына отырып, оларды жүзеге асырудың механизмдерін дұрыс таңдай білуі кітап шығару ісінің қарқындылығын көтеруге көмектеседі. Менеджмент жүйесіндегі ең басты қозғаушы күш адам ресурсы болып табылады.

Баспагер. Менеджмент.

Қазіргі кітап нарығы жағдайында уақыт факторы маңызды рөл атқарады. Тұтынушылардың тауарға деген сұранысы тез өзгеріп отырады, сол себепті тұтынушыға қажетті кітапты дер кезінде шығара білген баспагер ғана уақыт көшіне ілесе алады. Осы тұста баспа қызметін шығармашылық әрі экономикалық жағынан ұйымдастыра білетін білікті басшылар керек. Маркетингтік зерттеулердің жаңа әдістерін енгізу, қазіргі заманғы менеджменттік ұстаным негізінде стратегиялар мен әдіс-амалдар әзірлеу, шетелдік баспалар тәжірибесін қолдану және ірі баспалық-өндірістік бірлестіктер құруға бағыт алу қазіргі кітап басу ісінің өзекті мәселелері бо-лып табылады.

Қазақстан кітап нарығында қазіргі уақытта шешуін күтіп тұрған мәселелер өте көп. Біздің елімізде баспа ісінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, баспалар мен кітап сауда-сы мекемелерінің өзара бірлесіп жұмыс істеу жүйесін қалыптастыру, баспа ісін дамытудың бағыттарын айқындайтын мемлекеттік бағдар-ламалар қажет.

Әрине, ешбір оқу құралы кітап басу ісінің тиімділігін арттыра алмайды. Ол үшін жаңа идеялармен қаруланған кәсіби мамандар керек.

Еліміздің болашақ баспагерлері - жастар кітап ісін табысты жүргізу үшін терең білім, жан-жақты ізденушілік, үлкен талап пен жігер керек екенін түсінсе, нұр үстіне нұр болар еді.

«Manage» - ағылшын тілінен аударғанда басқару, әсер ету, басшылық жасау, тіл табыса білу,

тығырықтан шыға білу, әдіскер болу деген мағынаны білдіреді.

Менеджмент термині «әлеуметтік басқару» терминінің синонимі болып табылады. Ол техникалық, технологиялық және биологиялық басқаруда қолданылмайды. Бұл салаларда рет-теу, өзін-өзі реттеу, тіршілікті қамтамасыз ету, бақылау ұғымдары қолданылады.

Баспа менеджменті - әлеуметтік басқару-дың бір түрі. Бұл ұғымның мағынасы өте кең, ол өндірістің ғана емес, сонымен бірге қызметкерлердің ұжымдық қызметінің түрлі жақтарын, қыр-сырларын және сипаттарын білдіретін ұғым.

Баспа менеджментінің ұйымдастырушылық функцияларын екі сипатта қарастыруға бола-ды: бірінші, баспаның ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастыру, екінші, баспа қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынасты (вертикальды және горизонтальды түрде) орнату.

Жекеменшік баспаны ұйымдастыру қалпын (формасын) оның иесі немесе иеленушілері таңдайды. Әдетте олар баспаның басшылығы құрамына директор, бас редактор ретінде енеді. Әрине, бұл шешім қабылдау, жоспар-лау, т. б. жауапты сәттерде тек өздері ғана өктемдік жүргізеді деген ой туындамауы керек. Сол себепті, баспаның бөлімдері арасындағы қызметтік міндеттер мен жауапкершіліктерді айқындау кезінде, сондай-ақ барлық қыз-меткерлерді баспаның мүддесі үшін шешім қабылдаудан тыс қалмай, оған